

Литература:

1. 1 Уголовно-исполнительный кодекс Республики Казахстан (с изм. и доп. на 20.07. 2014 г.) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000234>
- 3 Шмаров И.В., Мелентьев М.П. Социальные проблемы исполнения уголовного наказания.- М.: Юрид. лит., 2003. – 59 с.
- 4 Туманов Г.А. Социально-психологические и правовые аспекты исправления и перевоспитания нарушителей. – Казань, 2005. – 112 с.
- 5 Бойдаков Г.П. Предупреждение и пресечение чрезвычайных ситуаций криминологического характера в исправительных учреждениях. – Рязань, 2002. – 120 с.
- 6 Хохряков Г.Ф. Парадоксы тюрьмы. Проблемы, дискуссии, предложения. – М.: Юрид. лит., 1991. – 224 с.
- 7 Бобылева И.Ю. Длительные сроки лишения свободы. – М.: НИИ МВД РФ, 2009. – 78 с.

ТРАНСҰЛТТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Машабаев А.Ж., з.ғ.к., доцент, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі
Куаныш Б.К., заң факультетінің магистранты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

XX-шы ғасырдың соңғы онжылдығында халықаралық байланыстардың қарқынды түрде бой көтеруі көрініс тапқаны бәрімізге мәлім. Америка Құрама штаттары мен Советтік Үкімет арасында болған -қырық бес жылдық «қырғи қабақ соғысы» идеологиялық тұрғыдан болсын, геосаясат тұрғысынан болсын толы болды. Не дегенімен, бұл орын алған жағдайлар салыстырмалы түрде әлемдік аренаға тұрақтылық алып келді. Әлеуметтік блок пен Совет Одағының ыдырауы, яғни Батыс елдерінің жылдар бойы аңсаған армандары «әлемдік жалпы тәртіптің» қадам басуына алып келе қойған жоқ. Керісінше, алдыңғы Совет Одағының құрамында болған мемлекеттердің де, барлық құрлық мемлекеттерінің де тыныштығын қашырған кезге алып келіп соқтырды.

Дәл сол кезде әлемдік экономиканың жаһандық өсуі-бір жағынан аса үлкен мөлшердегі тауар айналымы, қызметтің пайда болуына, екінші жағынан сауда саттық және мәдениеттік байланыстардың пайда болуына жаңа жол ашты. Осымен жалпы халықтың әл ауқатының жақсарғанын білеміз. Бірақ, әлемдік экономиканың дамуы мен үлкен көлемдегі қаржы айналымы қылмыс ұғымына бір қадам жақын тұратын адамдардың назарына ілінбей қоймады. Жаңа тенденцияларды мемлекеттен жылдам әрі тиімді пайдалана отырып, шет шетте жаңа қылмыстық ұйымдар, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтар, лаңкестік топтар пайда бола бастады. Трансұлттық қылмыстық ұйымдар дәл бизнес салалары ұқсап модернизация, жаһандану операцияларын позицияларын қатайту мақсатында жасап отырады.

Қуатты трансұлттық ұйымдардың басты қызметі нашақорлықпен сайма сай келді. Интерполдың мәліметтерінде бір жылдық есірткі айналымы 500-800 миллиард долларды құрайды. Есірткі тұзағындағы адамдардың он пайызы ғана емге көнеді. Жай 2015 жылдың өзінде 9549 есірткі қылмыстары фактісі орын алса, осы бір жыл ішінде 34 тонна марихуанна, 4 кг опия, 311 кг гашиш, 464 кг героин еліміздің құқық қорғау органдарымен тәркіленген. Біріккен Ұлттар Ұйымының шығарған статистикасы бойынша 185 мың адам есірткі тәуелділігінде, ол барша халықтың 4%-ын құрайды. Ал еліміздің статистикасына көз жүгіртсек, 1991 жылы 10 мың адам басы есепте тіркелсе, 2000 жылы-38 мың, 2015 жылы- 55мың адам санына дейін көбейген. Бұл әрине анық ақпарат болып табылмайды, себебі, нашақорлар есепке тұрудан бастарын алып қашатын сынайлы. Денсаулық сақтау Министрлігі 250 мың адам саны есірткі тәуелділігін аңғартады. Жалпы бұл іспен кішігірім контрабанда айналысады. 2015 жылда 59 фактінің 39-ы, сақтауға тиым салынған салмаққа жетпегендіктен сотқа дейін жетпеген [1].

Криминалдық бизнестің тағы бір бөлігі болып- мемлекет аралық заңсыз адам тасымалы болып табылады. Адам контрабандасымен айналысатын қылмыстық ұйымдар, адамдарды экономикасы дамыған мемлекеттерге заңсыз иммигрант есебінде тасымалдайды. Мәселен қытайларды заңсыз Батыс Еуропа және АҚШ штаттарына тасымалдайды.

Адам контрабандасының екінші түрі-жас балалар мен әйел адамдарын өз отанынан шет мемлекетке айдау болып табылады. Бұл контрабанданың негізгі мақсаты- жезөгшелік және құлдыққа сату. Аттану пунктері негізінен Ресей, бұрынғы Совет одағының мемлекеттері, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттері .

Бұл қылмыстың соңғы кездері өршіп кетуіне баға беру қиынға соқтырады. Біріккен Ұлттар Ұйымының есірткі және қылмыстың алдын алу басқармасының мәліметтерінше, қазіргі кезде заңсыз адам тасымалы салдарынан 200 миллион адам өзге мемлекеттерде тіршілігін жалғастыруда. Олардың жартысы жезөгшелікпен айналысуы мүмкін деген ақпараттар-трансұлттық қылмыстық ұйымдардың белсенді жұмыс істеуін көрсетеді. Халықаралық қылмыстарды зерттеу институты, тек адам тасымалындағы бір жылдық табыс 7 миллиард долларды құрайтынын дәлел еткен.

Трансұлттық қылмыстың табыстарының қайнар көздерінің бірі-ол қару контрабандасы. Қару жарактар заңды түрде жасалынғанымен, заңсыз каналдар арқылы трансұлттық ұйымдарды қауіптен шекаралау мақсатында қолға иемделінеді. Жалпы қару арсеналы қожайындары жеке бастарының қауіпсіздігі мен бопсалау мақсатында қолданады. Трансұлттық ұйымдар үшін қару ұғымы тікелей қолданылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтерінше қазіргі кезде 500 миллионнан астам ату қарулары бар. Сол заңсыз тасымалының заты болып табылатын қарулардан жылына 500 мың кісі өлімі тіркелінген. Атыс қаруының контрабандасының дамуына- тікелей Кеңестік Одақтық құлауын сәйкестендіреміз. XX-шы ғасырдың соңғы онжылдығында қаруға сұраныс, конфликт ошақтарынан түсіп отырды. Оларға: Югославия, Ауғанстан, Африка мемлекеттерін жатқызуымызға болады.

Трансұлттық қылмыстық ұйымның жағдайын суреттеуге көптеген заңсыз кәсіп түрлерін атап өтсек болады: ұрлық, заңсыз көшіру, қарақшылық және фильмдерді тарату, компьютерлік программаларды сату болып табылады. Аталған кәсіптермен күрестің салғырттығы АҚШ мемлекетіне 20 миллиард доллар шамасында зардап алып келген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мамандарының сараптамаларының қорытындысы бойынша аталған қылмыстық кәсіптердің жылдық табыс көзі 1,5 триллион долларды құрайды. Бұл көрсеткіш айтарлықтай барлық елдің ЖІӨ-нен асып түседі. Халықаралық валюталық фондтың санауынша Трансұлттық қылмыстық ұйымдардың табысының жартысы Халықаралық қаржы құрылымы арқылы ақша жылыстырылады [2].

Жоғарыда қысқаша жазылған қылмыстық іс-әрекеттер кейбір жалпы модельдер мен тенденцияларды бөліп, халықаралық қауіпсіздіктің әлсіреуіне әкеліп соқтырады. Біріншіден, қылмыстық қызметтің көпшілік бөлігі, атап айтқанда адам және есіркі контрабандасы, өз бастамасын айтарлықтай дамымай қалған мемлекеттерден бастап, оларды мемлекет аралық шекаралардан аса дамыған мемлекеттерге жеткізеді. Дәл осы қалыпты сақтап, криминалдық ұйымдар дамыған мемлекеттердің басқару құрылымдарына бас сұғуымен және оларды қолдануды, орталық звеноларына имуннитет жасау үшін іске асырады. Бұл іс әрекеттердің іске асырылу қиындығы, сол мемлекеттің қылмыстық құқықтық тәртібіне байланысты. Екіншіден, көптеген мемлекеттерде трансұлттық қылмыстық ұйымдардың басты фигуралары мемлекеттік саясатқа зор үлеске ие болып отыр. Заңшығарушыларды, саясаттанушыларды, судья, БАҚ журналистерін парамен және қорқыту тәсілдерімен өз кәсіптері мен жеке бастарын қорғап отырады. Қылмыстықтың саясатқа енуінің нәтижесін біз Нигерия, Пәкістан және Балқан елдерінен көруімізге болады. Үшіншіден, традициялық және иерархиялық, Италия мен Американдық мафиялардан заманауи трансұлттық қылмыстық ұйымдар, децентрализованный диверсифицированный құрылымдарға иелік етіп, желілік принциппен бірқалыпты, уақытша дәл бір операцияны жүзеге асыра отырып өзгешелінеді. Сонымен қатар қылмыстық ұйымдар бизнестің жаңашыл жүргізуіне кәсіби бейімділіктерінің барын көрсетеді. Трансұлттық қылмыстық ұйымдардың профессионалдығының тағы да бір көрінісі, заманауи технологияларды трансұлттық компаниялардан тезірек, және мемлекеттік органдардан тиімді қолдана алуында. Бұған мысал ретінде XX-шы ғасырдың 90 жылдарындағы Ресейдегі қалыптасқан қылмыстық топтардың өздері спутниктік бақылау және телефон тыңшылығын жүргізгенін атап өтсек болады.

Жалпы жаһанданудың оң тұстарын ешкім жасырып қоймайды. Бірақ, Кеңес Одағы және Еуропа социалдық жүйесінің ыдырауына да дәл сондай көз қараста деп айту қиын. Осы ешкім күтпеген екі жағдай халықаралық қылмыстық топтардың қолын ұзартты, және мемлекеттің ұйымдасқан қылмысқа күресін жоққа шығарды. Қылмыс әлемінің серкелері өз араларында осындай ала сапыран заманда, айтарлықтай аз уақытта бекім байланыс орнатты. Соның салдарынан қазіргі уақытта трансұлттық қылмыстық ұйымдар бүкіл әлемнің тыныштығы бұзды десек те болады. Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылық табиғатынан мемлекеттің демократияға да, басқару жүйесіне де кері әсерін тигізеді.

Халықаралық қауіпсіздікке нашар әсер келтіретін трансұлттық қылмыстық ұйымдар, лаңкестік топтармен байланыс орнатуымен қатар оларды қаржыландырады. Халықаралық

лаңкестік топтармен күресу мақсатында әлемде көптеген ұйымдар жұмыс жүргізуде. Аты қанмен сәйкестендірілетін лаңкестік, әлемнің басты ойыншыларының басты карталарына айналған. Бұл тараптардың тікелей қызығушылығынан пайда болатын саясат. Өздерінің ойлау шектеріндегі талаптарын дамыған мемлекеттердің субъектілеріне ескерту ретінде жасай отырып, ертегілік қаражаттарына иелік жіргізеді. Лаңкес авторларының алдына мәселелерді шешу үшін саясат партиялары, ірі корпорациялар, діни ағымдар мен мафиялық топтар келіп отырады.

XXI-ші ғасырдың сесіне айналған Талибан, ИГИЛ, Әл-Қаида сынды лаңкестік ұйымдар, Англо-Американдық дипломатия мен АҚШ барлау жұмысының өнімі екені түсінікті. АҚШ-тың ЦРУ криминалдық желілермен де, Коза Ностра мен Ндрангенту бұтақтарымен де тікелей байланыстарын үзген емес.

Халықаралық қылмыспен күрес жүргізу кезінде көптеген мәселелерді шешу құжаттары дайындалады. Мысал ретінде 1990 жылдары есірткіге басқару жүйесіне толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. UNDCP программасы есірткі және адам контрабандасына бақылау жүргізу жүйесінің басты блогына айналды. Қылмыстың өршу бағыты мен тенденцияларға анализ жасау мақсаты болып табылатын ғылыми зерттеу институты құрылды [3, 115].

Мемлекеттің трансұлттық ұйымдардың келтіретін залалдарына уайымының мөлшері, сол мемлекеттің ұйымдасқан қылмыстыққа қарсы күрес бөлімінің қаржыландыруының халықаралық дәрежеде салыстырмалы сипатқа ие. Мысалы Ресей халықаралық қылмыстықпен күреске жылына 150 миллион доллар жұмсайды.

Бұндай масштабты проблемалар, яғни : адам өміріне және денсаулығына қарсы, заңсыз есірткі айналымы, лаңкестік және қаржыландыру, мәдениет байлықтарының заңсыз айналымы, заңсыз қару айналымы оның ішінде оқ дәрілер, жарылғыш заттар, ядролық және радиоактивтік материалдар, мүліктік қылмыстар оның ішінде алаяқтық және автокөліктердің заңсыз тасымалы, табыстардың легализациялануы, заңсыз миграция оның ішінде адам контрабандасы болып табылады. Соңғы бес жылда аталған халықаралық қылмыстардың қатарына мемлекеттерге трансұлттық қылмыстық ұйымдардың аса күшті қаруы болып табылатын киберқылмысты жатқызамыз.

Технология заманында басты қаруы – мәліметтер болып табылатыны барімізге мәлім. Мемлекеттің басқару жүйесінің кез келген саласын алып қарасақ та, барлығы компьютерлік режимде үйлестіріледі. Көптеген төңкерістік технологиялар сияқты интернет ғаламдық желісінің өрлеуімен қоса қиянат етушілік те көптеп барады. Желідігі шабуылдар, пластикалық төлем карточкаларымен алаяқтық, банктік шоттардан қаражат ұрлау, корпоративтік тыңшылық, балалық порнографияны тарату бұл интернет желісінде жүрген қылмыстардың бірнешесі ғана. Мұндай құқықбұзушылық Қазақстан шекарасында да көптеп барады. Мемлекеттің ұлттық инфрақұрылымы бүгінде замандас компьютерлік технологияларды қолданумен тығыз байланыста. Энергетикалық және банктік жүйелердің, әуе көлігін басқарудың, көліктік жүйенің, тіпті жедел медициналық көмектің күнделікті қызметі автоматтандырылған электронды есептеуіш жүйелердің сенімді және қауіпсіз жұмыс жасауына толығымен тәуелді [4, 85]. Киберқылмыс, яғни қазіргі замандағы компьютерлік технологияларды енгізу және дамыту деңгейіне, оларды жалпы қолдану және оларға рұқсат беруге тікелей тәуелді деңгей болып табылатын халықаралық маңызды құбылыс. Киберқылмыскерлік әдісті қолданатын халықаралық қылмыстық ұйымдардың басты мақсаты әртүрлі процесстерді басқаратын компьютерлік жүйе және онда таралатын ақпарат болып саналады. Басқа қылмыстарға қарағанда мұнда басты арсенал ақпарат құралдары, желгіе ену, бағдарламалық қамтамасыз етуді бұзу және модификациялау, ақпаратты рұқсатсыз алу және компьютерлік жүйенің жұмысын уақытша тоқтатуға қолданылатын барлық құралдар. Киберқылмыс ұғымының қаруына келесілерді жатқызуымызға болады: компьютерлік вирустар, бағдарламалық белгілер, компьютерлік жүйелерге рұқсатсыз кіруге мүмкіндік беретін әртүрлі шабуылдар. Киберқылмысқа қарсы мемлекеттердің күш жігеріне қарамастан, әлемде олардың саны керісінше көбеюде. Осымен қатар, басқа да халықаралық маңыздағы қылмыстар секілді, киберқылмыспен күресу құралдарының маңызды бөлігі қазіргі жағдайда әрбір мемлекеттің өз құзіретіне кіретіндіктен жағымды тәжәрибиеге сүйене отырып, халықаралық құқық нормаларымен келістіре арқылы компьютерлік қылмыстармен күресуге бағытталған ұлттық заңнаманы паралелді дамыту қажеттігін айтпаса да анық. Киберқылмыстармен күресудің тиімді тетіктерінің жоқтығы әрбір мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне тағы да бір қатер болып анықталады.

Трансұлттық қылмыстық ұйымдардың пайда болуына әр түрлі себептер бар. Бірақ солардың ішіндегі ең бастысы болып үшінші тұлғалардың билікке таласы болып табылады. Израилдік

қаражатты Ресейде әр-түрлі қылмыстық топтарға инвестициялық салым ретінде салып, кейіннен ел билігін өз тұстарына қаратқан Березовскийді мысал ретінде айтып өтсек болады. Көлеңкелі тұлғалар қылмыстық ұйымдар мен топтарды күш құрылымдары ретінде пайдаланған. Осындай мемлекеттік билікке тікелей қатысы бар адамдардың негізгі мақсаты болып-заңсыз жолмен жасалған қаражаттарды шет ел шоттарына қуу болып саналады. Соңғы кездері трансұлттық қылмыстық ұйымдар көбіне күш құрылымдарының басты фигураларымен ғана жақын қарым қатынас жасай отыра адам, есірткі контрабандаларын және тағы да сол сияқты ұйымның бизнесін еш кедергісіз жасап отырады. Алысқа бармай 2016 жылы Қазақстанда орталық Азия елдеріндегі қылмыс әлемінің «вор в законе» атағының иегерлерінен және бірнеше облыстың күш құрылымдарының басшыларынан қолдау туып, қарапайым халықтың арқасында мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырмақ болған, және трансұлттық қылмыстық топ құрған Тоқтар Түлешовті атасақ болады [5].

Трансұлттық қылмыстық ұйымдарға қарсы күрес жүргізетін халықаралық ұйымдардың атқару операциялары да айтарлықтай кеңейген. Халықаралық қауіпсіз ұйымдарының құрылуына ешбір елдің өздігінен бұндай қылмыстылықпен күресуге әлінің жетпейтіндігі әсерін тигізген. Экономикасы дамыған мемлекеттер халықаралық қауіпсіздікті күшейтетін сан алуан программалар жасап, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен өзге мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен, кедендік, дипломатиялық органдарымен бекім қарым қатынастар орнатуда. Бірақ аталған трансұлттық қылмыспен күрестің қорытындылары айтарлықтай үлкен сенсация жаған жоқ. Алдында белгіленгендей трансұлттық қылмыстық ұйымдар қандай сферадан болмасын мемлекеттік органдардан бір қадам алда келеді.

Қазіргі заманғы кезеңде қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы мәселелерде әр мемлекет халықаралық қауіпсіздіктің үш жүйесіне сенім арта алады. Бірінші жүйе – әмбебаптық халықаралық жүйесі, оның басы 1945 жылы БҰҰ Жарғысымен қабылдануымен негізделген еді, онда: қазіргі заманғы және келешек ұрпақты әскери шиеленістерден сақтау концепциясы бекітілген еді. БҰҰ Жарғысы күш қолдану және күшпен қауіп төндіруді қолданбау; халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу; жалпыға ортақ және толығымен қарусыздану сияқты қағидаттарды қамтиды. Сонымен қоса халықаралық құқықтың өзге қағидаттары да сақталу керек. Дүниежүзіне және қауіпсіздікке қауіп төнген кезде немесе агрессия актілері жасалған кезде, БҰҰ Жарғысы ұйымның Қауіпсіздік Кеңесін БҰҰ мемлекет-мүшелеріне бірлескен шаралар ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыруын міндеттейді. Екінші жүйе ашылуы БҰҰ Жарғысымен қарастырылған аймақтық қауіпсіздік жүйесіне тірек етеді (VIII тарау). Бұл жүйеге қарастырылған Жарғының негізгі талаптары келесідей: онда тек бір саяси-географиялық ауданның мемлекеттері қатыса алады; аймақтық келісімдерге байланысты шаралар осы ауданның шекарасынан аса алмайды; бұл шаралар БҰҰ қолданатын шараларға немесе БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарына қарама-қайшы келмеу керек. Аймақтық ұжымдық қауіпсіздік негізін аймақтық даулардың бейбіт жолымен шешілу шаралары құрайды. Ұжымдық өзін-өзі қорғау туралы БҰҰ Жарғысының 51 бабына сәйкес әскери шаралар тек тікелей агрессияны тойтаруға ғана қолданыла алады, және олар БҰҰ ҚК сәйкес нормалар қабылдағанына дейін ғана жалғаса алады. Соңғысы болып табылатын үшінші жүйе – мемлекеттер қауіпсіздігінің жеке жүйесі [6, 130]. Мемлекеттік егемендіктің халықаралық құқық-қағидаттың негізгі қағидатынан шығатын өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттердің құқығы – мемлекеттер тәуелсіздігінің бір көрінісі болып табылады.

Жалпы Трансұлттық қылмыстық ұйымдарға қарсы күрес шараларының да аз еместігі көрініп тұр. Белгіленген халықаралық дәрежедегі қылмыстардың санын азайту мақсатында миллиардтаған қаражаттар бөлінуде. Әлемдік проблемаға айналған ұйымдардың мемлекетке зиян келтіру келтірмеуі, сол мемлекеттің бөлінген қаржыны қажетті салаларға дұрыс жұмсауына тікелей байланысты екенін айту қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://зачётка.рф/book/4655/204790/%D0%A2%D0%A0%D0%>
2. <http://procuror.spb.ru/k1212.html>
3. 3. Криминология. Учебник. ТОО «Казыгурт» баспасы», 2006. - 584 с.
4. 4. Криминология. – Алматы: ТОО «Издательство «Норма-К», - 2004. - 336 с.
5. http://sartracc.ru/i.php?filename=Explore/evstifeeva/003.htm&oper=read_file
6. Профилактика преступлений. Учебник. – Алматы: Заң әдебиеті, 2008. – 376 б.